Суды бактериологиялық, санитариялық-химиялық көрсеткіштерге зерттеу	су тарату крандары - ғимаратқа кіру және шығу орындары (орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдықтар, ұнғымалар, каптаждар және бұлақтар, су тарату крандары (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде)
Тоңазытқыш және технологиялық жабдықтар жұмыс істеген кезде желдету жабдығынан болатын шу (кіріктіріліп-жапсарлас салынған үй-жайларда)	желдету қондырғылары, жабдықтары орналасқан жерлерде
6. Сауда объектілері:	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдық, ауа қозғалысының жылдамдығы (жылдың салқын кезеңінде)	қойма үй-жайлары
7. Тамақ өнімдерін өндіру, өңдеу объектілері:	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдық, ауа қозғалысының жылдамдығы	өндірістік үй-жайлар, қойма үй-жайлары
Суды бактериологиялық, санитариялық-химиялық көрсеткіштерге зерттеу	су тарату крандары ғимаратқа кіру және шығу орындары (орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдықтар, ұнғымалар, каптаждар және бұлақтар, су тарату крандары (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде)
8. Денсаулық сақтау объектілері:	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдық	Режимі ерекше үй-жайлар: операциялық, емшара бөлмесі, манипуляциялық, стерилдеу бөлімшелері, жаңа туған нәрестелерге арналған палаталар, босандырудан кейінгі палаталар, бокстар, реанимация залдары, қарқынды терапия палаталары
Суды бактериологиялық және	су тарату крандары - ғимаратқа кіру және шығу орындары

санитариялық-химиялық зерттеу	көрсеткіштерге	(орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдықтар, ұңғымалар, каптаждар және бұлақтар, су тарату крандары (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде)
Жарықтандыруды өлшеу		Режимі ерекше үй-жайлар: операциялық, емшара, манипуляциялық, бейінді мамандардың қабылдау кабинеттері (офтальмолог, хирург, акушер-гинеколог, травматолог, стоматолог), жаңа туған нәрестелерге арналған палаталар, реанимация залдары, қарқынды терапия палаталар, қан дайындау үй-жайлары
Шу деңгейін өлшеу		операциялық үй-жайлар
Электромагниттік және иондалмаған сәулеленуді өлшеу		физиотерапиялық, диагностикалық кабинеттердегі жұмыс орындарында
Дозиметриялық өлшеу		иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеген кезде, аралас үй-жайлар мен аумақтар
9. Дәрілік заттарды дайындау объектілері:		
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдық		ассистенттік, дәріханалық ыдысты стерилдеу, дистилляциялау, өлшеп-орау, асептикалық жағдайларда дәрілік нысандарды дайындау үй-жайлары, сақтау үй-жайлары
Суды бактериологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткіштерге зерттеу		су тарату крандары - ғимаратқа кіру және шығу орындары
Жарықтандыруды өлшеу		ассистенттік, дәріханалық ыдысты стерилдеу, дистилляциялау, өлшеп-орау, асептикалық жағдайларда дәрілік нысандарды дайындау үй-жайлары, сақтау үй-жайлары
10. Емдеу-косметологиялық объектілер, сұлулық салондары, косметологиялық орталықтар:		
Суды бактериологиялық және санитариялық-химиялық зерттеулерге зерттеу		су тарату крандары (орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдықтар, ұңғымалар, каптаждар және бұлақтар, су тарату крандары (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде).
Жарықтандыруды өлшеу		жұмыс орындары
Электр магниттік өрістер деңгейі		Солярый (болған жағдайда)
11. Өндірістік объектілер:		
Микроклимат параметрлерін зерттеу		жұмыс орындары
Физикалық факторлар және иондалмаған сәулелену параметрлерін зерттеу		сәулелену көздері мен физикалық факторлар болған кезде жұмыс орындары
Дозиметриялық өлшеулер		иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеген кезде жұмыс орындары
Жұмыс аймағы ауасының параметрлерін зерттеу		жұмыс орындары (зиянды химиялық заттардың көздері болған кезде)
12. Радиотехникалық объектілер:		
Электромагниттік өрістер деңгейі		өндірістік үй-жайлар, санитариялық- қорғаныш аймағының шекарасы, құрылысты шектеу аймағы
13. Радиациялық қауіпті объектілер:		
Физикалық факторлар және иондалмаған сәулелену параметрлерін зерттеу		сәулелену көздері және физикалық факторлар болған кезде жұмыс орындары
Дозиметриялық өлшеулер		жұмыс орындары, аралас үй-жайлар, ұйымның аумағы
14. Көлік құралдары:		

Микроклимат параметрлерін зерттеу	жұмыс және жолаушылар орындары (бар болған кезде)
Суды бактериологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткіштерге зерттеу	конструкциясында сумен жабдықтау жүйесі көзделген көлік құралдары үшін
Физикалық факторлар және иондалмаған сәулелену параметрлерін зерттеу	жұмыс және жолаушылар орындары (бар болған кезде)
Көлік құралдары үй-жайларының ауасындағы зиянды заттарды зерттеу	жұмыс және жолаушылар орындары (бар болған кезде)
15. Шаруашылық- ауыз сумен жабдықтау объектілері:	
Суды зерттеу: бактериологиялық, санитариялық-химиялық және парзитологиялық зерттеулер	су алу нүктелері
Суды радиологиялық зерттеу	сумен жабдықтаудың жаңа көздері үшін
16. Су объектілері (мәдени-тұрмыстық мақсаттағы) демалыс орындары:	
Суды зерттеу: бактериологиялық, санитариялық-химиялық, паразитологиялық зерттеулер	пайдалану орындары
Топырақты паразитологиялық зерттеулер	жағажайлар (бар болған кезде)
17. Тамақ өнімдерін, көтерме сақтау объектілері, химиялық заттар мен өнімдерді, агрохимикаттарды және пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауға арналған қоймалар, вакциналар мен басқа да иммундық-биологиялық препараттарды, дезинфекция, дезинсекция, дератизация құралдары мен препараттарын сақтау және тасымалдау объектілері:	
Микроклиматты зерттеу: температурасы, салыстырмалы ылғалдық	Жұмыс орындары
Жарықтандыруды өлшеу	жұмыс орындары
18. Вахталық кенттер:	
Микроклиматты зерттеу: температурасы, салыстырмалы ылғалдық	тұрғын бөлмелер, демалыс үй-жайлары
Суды зерттеу: бактериологиялық және санитариялық-химиялық зерттеулер	су тарату крандары (орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдықтар, ұңғымалар, каптаждар және бұлақтар, су тарату крандары (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде)
19. Әлеуетті қауіпті химиялық және биологиялық заттарды пайдаланатын зертханалар	
Микроклиматты зерттеу: температурасы, салыстырмалы ылғалдық	зерттеулерге арналған үй-жайлар, жұмыс орындары
Жарықтандыруды өлшеу	жұмыс орындары
20. Спорттық- сауықтыру мақсатындағы объектілер, бассейндер, моншалар, сауналар	
Суды бактериологиялық және санитариялық-химиялық зерттеулер	су тарату крандары (орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдықтар, ұңғымалар, каптаждар және бұлақтар, су тарату крандары (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде)
Суды бактериологиялық, санитариялық-химиялық, паразитологиялық зерттеулер	жабық жүзу бассейндерінен және ванналардан (болған жағдайда)
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдық, ауа қозғалысының жылдамдығы	Вестибюль, гардероб, киім шешетін бөлме, жуынатын бөлме, себезгі, булау бөлмесі, жұмыскерлерге арналған тұрмыстық үй-жайлар

Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушының
2017 жылғы 28 сәуірдегі
№ 217 бұйрығына
3-қосымша

"Тамақ өнімін өндіру (дайындау) объектісіне есептік нөмір беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Тамақ өнімін өндіру (дайындау) объектісіне есептік нөмір беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.10.2018 № ҚР ДСМ-28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын порталға тапсырған сәттен бастап – 5 (бес) жұмыс күні.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.10.2018 № ҚР ДСМ-28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.10.2018 № ҚР ДСМ-28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: тамақ өнімін өндіру (дайындау) объектісіне есептік нөмір беру туралы хат не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.10.2018 № ҚР ДСМ-28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі: тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда). Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен қызмет көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.10.2018 № ҚР ДСМ-28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

өндірілетін тамақ өнімдері тізбесінің электрондық көшірмесі.

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектісінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі

өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.10.2018 № ҚР ДСМ-28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) ұсынылған объектінің, мәліметтердің "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 144-бабының, 6-тармағына сәйкес бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілермен және гигиеналық нормативтермен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіз болып табылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда шағым Министрліктің: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс немесе көрсетілетін қызметті берушінің осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлары бойынша көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы немесе көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымда:

жеке тұлғаның: тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), пошталық мекенжайы, байланыс телефоны;

заңды тұлғаның: атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" шағымды көрсетілетін қызметті беруші өңдеуі барысында жаңартылып отыратын шағым туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінде қаралады.

4-тарау. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктерін есепке ала отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің: www.mz.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің: www.kooz.mz.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті" арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің: www.mz.gov.kz; көрсетілетін қызметті берушінің: www.kooz.mz.gov.kz интернет-ресурстарында көрсетілген.

15. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Тамақ өнімін өндіру
(дайындау) объектісіне есептік
нөмір беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет

стандартына қосымша
нысан

мемлекеттік органның атауы

өтініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты (бар болған кезде)

жеке сәйкестендіру нөмірі/
бизнес сәйкестендіру нөмірі

жеке немесе заңды тұлғаның
атауы, мекенжайы

байланыс телефоны

Өтініш

Сізден _____ мекенжайы
(аудан, көше,
үй, пәтер) бойынша орналасқан санитариялық-эпидемиологиялық
қадағалауға жататын тамақ
өнімін өндіру (дайындау) объектісі _____ есептік нөмір
беруіңізді (объектінің
атауы) сұраймын.

Қызмет түрі _____

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының нөмірі _____

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының берілген күні _____

Қосымша: _____

(көрсету)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын
мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

Қолы

жылы, күні, айы

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушының
2017 жылғы 28 сәуірдегі
№ 217 бұйрығына
4-қосымша

**"Қоршаған ортаға, санитариялық қорғау аймақтарына және санитариялық-
қорғаныш аймақтарға, шикізатқа және өнімге зиянды заттардың және физикалық
факторлардың рұқсат етілетін шекті шығарындылары мен рұқсат етілетін шекті
төгінділері жөніндегі нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-
эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарттың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.09.2017 № 695 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қоршаған ортаға, санитариялық қорғау аймақтарына және санитариялық-қорғаныш аймақтарға, шикізатқа және өнімге зиянды заттардың және физикалық факторлардың рұқсат етілетін шекті шығарындылары мен рұқсат етілетін шекті төгінділері жөніндегі нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.09.2017 № 695 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) "электрондық үкімет": www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.10.2018 № ҚР ДСМ-28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) Мемлекеттік корпорация арқылы, сондай-ақ порталға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 10 (он) жұмыс күні;

2) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут.

Өтініштер мен құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді. Көрсетілетін қызметті беруші

мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталардан бір күн бұрын береді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.10.2018 № ҚР ДСМ-28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысанда санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы қағаз жеткізгіште мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық түрде ресімделеді, басып шығарылады және мөрмен және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының қолымен куәландырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияның: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін;

2) порталдың: тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда). Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және қызмет көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.10.2018 № ҚР ДСМ-28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) қоршаған ортаға зиянды заттардың және физикалық факторлардың рұқсат етілген шекті шығарындылары мен рұқсат етілген шекті төгінділердің нормативтік құжаттамаларының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны алу үшін:

Мемлекеттік корпорацияға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2- қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

қоршаған ортаға зиянды заттардың және физикалық факторлардың рұқсат етілген шекті шығарындылары мен рұқсат етілген шекті төгінділері бойынша нормативтік құжаттаманың жобасы;

порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2- қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

қоршаған ортаға зиянды заттардың және физикалық факторлардың рұқсат етілген шекті шығарындылары мен рұқсат етілген шекті төгінділері бойынша нормативтік құжаттама жобасының электрондық көшірмесі;

2) санитариялық қорғау аймағының, санитариялық-қорғаныш аймақтарының нормативтік құжаттамасының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны алу үшін:

Мемлекеттік корпорацияға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

санитариялық қорғау аймағының, санитариялық-қорғаныш аймақтарының нормативтік құжаттамасының жобалары;

порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

санитариялық қорғау аймағының, санитариялық-қорғаныш аймақтарының нормативтік құжаттамасы жобасының электрондық көшірмесі;

3) шикізатқа және өнімге нормативтік құжаттаманың жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны алу үшін:

Мемлекеттік корпорацияға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

шикізатқа және өнімге нормативтік құжаттаманың жобасы;

порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

шикізатқа және өнімге нормативтік құжаттама жобасының электрондық көшірмесі.

Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беруді жеке басын куәландыратын құжатты және (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) сенімхатты көрсеткен кезде қолхат негізінде оның қызметкері жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Осы стандарттың 4-тармағында көзделген мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы болмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 52 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13248 болып тіркелген) бекітілген "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызмет қағидаларына сәйкес Мемлекеттік корпорация бір ай бойы нәтижені сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілген қызметті берушіге тапсырады.

Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң жүгінген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жолдайды.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.10.2018 № ҚР ДСМ-28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың және мәліметтердің "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 144-бабының, 6-тармағына сәйкес бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілермен және гигиеналық нормативтермен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіз болып табылады.

11. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

12. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда шағым Министрліктің: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс немесе көрсетілетін қызметті берушінің осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген

мекенжайлары бойынша көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымды қабылдаған тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болған кезде), берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орнын көрсете отырып көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорацияның басшысына жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияның кеңсесіне қолма-қол, сонымен бірге пошта арқылы келіп түскен шағымдарды қабылдауды растау оларды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Шағымда:

жеке тұлғаның: тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), пошталық мекенжайы, байланыс телефоны;

заңды тұлғаның: оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің, Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің, Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" шағымды көрсетілетін қызметті берушінің өңдеуі барысында жаңартылып тұратын шағым туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні қаралады.

4-тарау. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы қызметтерді көрсету ерекшеліктерін есепке ала отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

Министрліктің: www.mz.gov.kz;

көрсетілетін қызметті берушінің: www.kooz.mz.gov.kz;

Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz. интернет-ресурстарында орналастырылған.

Ескерту. 13-тармақ жана редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.10.2018 № ҚР ДСМ-28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті" арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

15. Өмір сүру мүмкіндігін шектейтін организм функцияларының тұрақты бұзылуымен байланысты сырқаты бар көрсетілетін қызметті алушыларға қажет болған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы жүгіну жолымен тұратын жеріне шыға отырып жүргізеді.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің: www.mz.gov.kz; көрсетілетін қызметті берушінің: www.kooz.mz.gov.kz интернет-ресурстарында көрсетілген.

17. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Қоршаған ортаға,
санитариялық қорғау
аймақтарына және
санитариялық-қорғаныш
аймақтарға, шикізатқа және
өнімге зиянды заттардың және
физикалық факторлардың
рұқсат етілетін шекті
шығарындылары мен рұқсат
етілетін шекті төгінділері
жөніндегі нормативтік
құжаттама жобаларына

санитариялық-
эпидемиологиялық қорытынды
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша
нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.09.2017 № 695 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысанның Код	формы	БҚСЖ по	ОКУД	бойынша ұйым	коды
-----------------	-------	------------	------	-----------------	------

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігі
Министерство
национальной
экономики
Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы "30" мамырдағы
№ 415 бұйрығымен
бекітілген № 017/е нысанды медициналық құжаттама

Санитариялық-
эпидемиологиялық
қызметтің мемлекеттік
органының атауы
Наименование
государственного
органа санитарно-
эпидемиологической
службы

Медицинская документация Форма № 017/у
Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от
"30" мая 2015 года № 415

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение

№ _____

" _____ " _____ 20 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама (Санитарно-
эпидемиологическая экспертиза)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама объектісінің толық атауы)

(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)

по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

жүргізілді (проведена).

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик) (заявитель)

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиістілігі), объектінің мекенжайы/

орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/ месторасположение объекта, телефон, фамилия, имя, отчество (при наличии) руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама объектісінің қолданылу аумағы

(Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

(қызмет түрі) (вид деятельности)

4. Жобалар, материалдар дайындалды (Проекты, материалы разработаны подготовлены):

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы)

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции)

7. Басқа ұйымдардың сараптама қорытындысы, егер бар болса
(Экспертное заключение других организации если имеются)

қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама объектісінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы және (көрсетілетін

қызметтерге, процестерге, жағдайларға, технологияларға, өндірістерге, өнімдерге) сараптама

объектісін бағалау (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта

экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)

9. Құрылыс салуға арналған жер учаскесінің, реконструкция объектісінің сипаттамасы;
өлшемдері, ауданы, топырақ түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтанудың болуы, желдің басым бағыттары, санитариялық-қорғаныш аймағының өлшемдері, сумен жабдықтау, кәріздеу, жылумен жабдықтау мүмкіндігі және қоршаған орта мен халықтың денсаулығына әсері, дүние тараптары бойынша бағдары)
(Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;)

10. Зертханалық және зертханалық-құрал-саймандық зерттеулер мен сынақтар хаттамалары,

сондай-ақ бас жоспарлардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері
(Протоколы
лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний,
а также
выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама объектісінің толық атауы)

(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде)
(на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)

санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным
правилам и
гигиеническим нормативам) сәйкес келеді немесе сәйкес келмейді
(соответствует или не
соответствует)

(нужное подчеркнуть) керектісінің астын сызу
Ұсыныстар (Предложения):

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі

Қазақстан Республикасы Кодексінің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық

қорытындының міндетті күші бар.

На основании Кодекса Республики Казахстан 18 сентября 2009 года "О здоровье народа и

системе здравоохранения" настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет

обязательную силу.

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер (орынбасары)

Главный государственный санитарный врач (заместитель)

Мөр орны тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), қолы

Место печати фамилия, имя, отчество (при наличии), подпись

"Қоршаған ортаға,
санитариялық қорғау
аймақтарына және
санитариялық-қорғаныш
аймақтарға, шикізатқа және
өнімге зиянды заттардың және
физикалық факторлардың
рұқсат етілетін шекті
шығарындылары мен рұқсат
етілетін шекті төгінділері
жөніндегі нормативтік
құжаттама жобаларына
санитариялық-
эпидемиологиялық қорытынды
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына

2-қосымша
нысан

мемлекеттік органның атауы

өтініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты (бар болғанда)

жеке немесе заңды тұлғаның
атауы, мекенжайы

жеке сәйкестендіру нөмірі/
бизнес сәйкестендіру нөмірі

өтініш берушінің байланыс
телефоны

Өтініш

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.09.2017 № 695 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сізден

(жобаның атауы)

жобалау құжаттамасына санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізуді және

санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беруді сұраймын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қосымша (құжаттардың көшірмелері):

1.

2.

Қолы

күні, айы, жылы

"Қоршаған ортаға,
санитариялық қорғау
аймақтарына және
санитариялық-қорғаныш
аймақтарға, шикізатқа және
өнімге зиянды заттардың және
физикалық факторлардың

рұқсат етілетін шекті
шығарындылары мен рұқсат
етілетін шекті төгінділері
жөніндегі нормативтік
құжаттама жобаларына
санитариялық-
эпидемиологиялық қорытынды
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
3-қосымша
нысан

тегі, аты, әкесінің аты
(бар болғанда),

көрсетілетін қызметті алушы
ұйымның атауы

көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.09.2017 № 695 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан

Республикасы Заңының 20-бабының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға

арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының №

_____ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында

көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға байланысты атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атауы:

1) _____;

2) _____;

мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес

мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету) құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір данадан 2 данада жасалды.

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда) (қолы)

Орындаушы: тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда) _____

тел. _____

Алдым: тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)/ көрсетілетін қызметті алушының қолы

20 __ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушының
2017 жылғы 28 сәуірдегі
№ 217 бұйрығына
5-қосымша

"I-IV патогенді топтардың микроорганизмдерімен және гельминттермен жұмыс істеуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "I-IV патогенді топтардың микроорганизмдерімен және гельминттермен жұмыс істеуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті және оның аумақтық департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру "электрондық үкімет": www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.10.2018 № ҚР ДСМ-28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын порталға тапсырған сәттен бастап – 10 (он) жұмыс күні.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.10.2018 № ҚР ДСМ-28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес микроорганизмдермен және гельминттермен жұмыс істеуге рұқсат беру не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

көрсетілетін қызметті берушінің: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру портал арқылы тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда). Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен қызмет көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе оның сенімхат бойынша өкілі) порталға өтініш жасаған кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

орындалатын зерттеулер номенклатурасы, материалдық база, кадр құрамы және персоналдың кәсіптік даярлығы көрсетілген түсіндірме жазба.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.10.2018 № ҚР ДСМ-28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

